

ӘОЖ 347.78.034

**СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ
АУДАРМАСЫ РЕТІНДЕ**

**Камзина Айнура Бейбитовна
Қаламбай Ақниет Қаламбайқызы**

kamziny@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 2 курс магистранттары, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

2628

Қазіргі қазақ терминологиясы өзінің даму тарихында бірнеше кезеңдерден өтті. Оның осы даму тарихын, терминтанудың ғылым ретінде қалыптасу жолын, ұлттық терминдер қорын жасауда ұстанатын бағыт-бағдар, ұстаным-қағидастарды анықтау, терминологияның өзге де көптеген ғылыми-теориялық, практикалық мәселелерін жан-жақты зерттеу өте маңызды.

Лингвистикада терминге байланысты алуан түрлі анықтамалар бар. Олардың қасиеттері, түрлері де туралы мағлұмат баршалық. Ол стилистикалық жағынан нейтралды, жүйелі, бір мағыналы болуға тиісті. Бірақ моносемантикалық қасиеті бойынша көп пікірталас бар. Мысалы, А.А.Реформатский терминнің бір ғана мағынаның болуына үгітесе, Д.С.Лотте, С.В.Гринев терминдердің полисемантикасына, яғни контекстке байланысты, функция жағынан әртүрлі мағына беруі мүмкін деп айтады. Түрлі жолдармен құрылған экономикалық термин сөздер жөнінде де ғалымдардың пікірлері әр алуан. Осындай терминтанудың көптеген мәселелерін көтерген терминолог, ғалым Ш.Құрманбайұлы: «Тіл білімінде бұл мәселе әлі де жан жақты зерттеліп, ғалымдар бір ортақ пікірге келе жатыр» дейді» [1].

Қазақ тілінің экономикалық терминологиялық жұмысының бастапқы кезеңінің бір ерекшелігі, термин сөздердің көбісі сөз тіркестерден құрылды. Термин құруда калькалау әдісі ерекше орын алады, сондықтан бұл әдісті дербес қарастыру негізгі себептердің бірі. Бұл терминнің түпнұсқа тілінен шыққан кездегі сөзге түрлі эквиваленттердің пайда болуын білдіреді. Сонымен қатар, эквивалент екі түрлі болуы мүмкін: не берілген тілдің терминжасам құралдарынан тұрады, не - екі тілдің аралас құралдарынан туындайды. Терминологиялық бірліктердің ерекшелігі, ең алдымен олардың ішкі мағыналық құрылымымен айқындалады. Сарапшылардың пайымдауынша, олар бір мағыналы. Сонымен қатар, бір сөзді терминдерге қарағанда мағынаны жеткізетін, терминологиялық дәлдігімен ерекшеленеді. Бұған, негізінен, күрделі және құрама терминдерден тұратын қазақ тілінің экономикалық терминологиялық лексикасы дәлел бола алады. Еркін терминологиялық сөз тіркестері деп әрбір бөлігінің дербес термин болып қалыптасуы. Мысалы:

«Қысқа мерзімді тепе теңдік» short run equilibrium

«сыртқы қарыз» external debt

«ашық монополия» opened monopoly.

Терминологиялық сөз тіркестері экономикалық термин саласының шамамен 70% құрайды. Мысалы, «Экономикалық сөздік» 2008ж., а әрпіндегі 249 терминнің ішінен: 130 екі компонентті, 29 үш компонентті болып келеді. Яғни бір ғана шамалы талдаудың өзінде терминдер арасында баршалық сөз тіркестердің болуына көзіміз жетті [2].

Терминологиялық бірліктің ең кіші компоненті терминологиялық элемент ең кіші құрылымдық бірлікпен сәйкес келеді. Ол сөзжасамдық аффикс немесе терминологиялық сөз тіркесі құрамындағы сөзбен де берілуі мүмкін. Ал жай сөздің семантикалық құрылымы мен формалды ұйымдастырылуы көп жағдайда сәйкес келе бермейді. Оның үстіне терминдер арнаулы ұғымдарды белгілейді, сол себепті де олардың мағынасында коннотаттық компоненттер жойылады. Дегенмен құрама терминдер үш белгі бойынша айқындалады: коммуникативтілік, тұрақтылық және сөйлеу барысында қайта келтірілу сипатына байланысты [3,8].

Терминологиялық тіркестер арнайы түсініктерді білдіретін семантикалық тұтас және қайталанатын туынды деп санаймыз. Бір мағыналылық - терминологиялық тіркесті еркін сөзден ажырататын басты белгілердің бірі. Мұндай сөз тіркестерінің сипаттамалық сипаттары посткеңестік кезеңде жасалған соңғы сөздіктерде жеткілікті түрде ашылды.

Е.И.Оконешников терминологиялық синтагматиканың үш түрін ажыратады: «а) күрделі терминдер; ә) құрамдас терминдер; б) үш немесе одан да көп компоненттерден тұратын терминологиялық тіркестер» [4].

а) Күрделі терминдерді деп компоненттердің бірігуі нәтижесінде атаулы мағынаға ие, лексикалық бірлікке айналуы. Күрделі термин - таңбаланған мен таңбалаушының бірлігін білдіретін семантикалық тұтастық. Құрылымдық жағынан күрделі терминдердің сыртқы сипаты - олардың ағылшын тілінде бір сөзбен берілуі. Изафеттік құрылымда салынған фразалар көп жағдайда бір ұғымды білдіретін лексикалық бірліктерге айналады. Ағылшын терминдерінің моделіне сәйкес қалыптасқан осы санаттағы күрделі терминдердің белгілі бір бөлігі welfare «әл-ауқат», turnover «тауар айналымы», cost «өзіндік құны» және т.б. сияқты сөз тіркестерімен алынған.

Сабақтаса құрылған күрделі экономикалық терминдер:

Creditor «несие беруші»

reassessment «қайта бағалау»

saving «қор жинау»

surcharge «қосымша төлем»

markup, extra «үстеме баға»

solvent «төлем төлеуге қабілетті»

resale «қайта сату» және басқалары.

Кейде меңгеру әдісі арқылы құрылған компоненттері бар экономиканың күрделі терминдері де кездеседі:

unemployable «еңбекке жарамсыз»

reconstructive «қалпына келтіретін» және т.б.

ә) Салыстырмалы түрде тұрақты тіркестерге жататын сөз тіркестері, құрама терминдердің арнайы тобын бөле аламыз. Олар күрделі терминдер сияқты екі компоненттен тұрады. Еркін тіркестерден құрылған және лексикализация нәтижесінде семантикалық тұтастыққа ие болып, компоненттерінің тұрақталуы. Құрылымдық терминнің терминологиялық мағынасы оның компоненттерінің жалпы ортақ мағынасынан туындайды. Бұл жағдайда тірек компонентінің терминологиялық мағынасы бүкіл тіркеске әсерін тигізеді.

Экономиканың терминологиялық лексикасында құрамдас бөліктерінің атрибутивтік қатынасы негізінде қалыптасқан құрама терминдер де баршалық. Мысалы:

movable property «жылжымалы мүлік»

artificial shortage «жасанды тапшылық».

Бағыныңқы байланысқа негізделген күрделі терминдер. Мұндай терминдердің ерекшелігі, тіркестегі тірек сөздің рөлін жалпыға ортақ терминжасаушы аффикстері бар зат есімдер атқарады. Мысалы, welfare «әлеует» тіркестегі сөз.

б) Үш және одан да көп компоненттерден құралған терминологиялық тіркестер. Бірнеше компоненттерден тұратын терминологиялық тіркестің еркін тіркестен ерекшелігі оның бір мағыналылығында, яғни мономағыналылық. Олардың семантикалық тұтастығы, яғни жаңа түсініктің пайда болуымен тығыз байланысты. Үш компонентті терминологиялық тіркестер күрделі термин, құрама термин немесе тірек сөз термин сияқты басқа терминологиялық лексикаларынан туындайды. Мысалы:

landowning «жер иелену, жер қожалығы»

overproduction «тауарларды артық өндіру»

population changes «халық санының өзгеруі»

securities «бағалы қағаздар айналысы».

Көп компонентті терминологиялық тіркестерге төрт не одан да көп компоненттерді жатқызамыз. Мысалы:

denationalization «меншікті мемлекет иелігінен алу»

buyer's right to reject goods «сатып алушының тауардан бас тарту құқығын сақтай отырып сату» деп аудару аламыз.

Ал терминтанушы Р.Ф.Пронина термин тіркестерін үш түрге бөледі. Бірінші типке терминдік тіркестер кіреді, олардың екі құрамдас бөлігі де арнайы сөздіктің сөздері болып табылады. Олар тәуелсіз және әрқайсысының жеке мағынасын сақтай отырып, осы тіркестен тыс қолдануға болады. Бірақ олар белгілі бір семантикалық жағынан тәуелсізденіп, жаңа

мағынаға ие болады. «Бірінші типтегі тіркестердің ерекшелігі - оларды ажыратамыз және құрамдас бөліктерді бөле аламыз - тәуелсіз терминдер» [5,10].

Екінші типке тіркестік терминдердің үш түрі кіреді:

1) бір компоненті экономикалық термин болса, екіншісі компоненті жалпы сөздік құрамына кіреді. Пронинаның пікірі бойынша экономикалық терминдерді қалыптастырудың бұл әдісі біріншіге қарағанда тиімді;

2) бірінші компоненттің (сын есімнің) белгілі бір ғылым саласына тән ерекше мәні бар;

3) екінші компонент негізгі мағынада қолданылса да, бірақ бірінші компонентпен үйлескенде белгілі бір салаға тән тәуелсіз мағынасы ие бола алатын термин.

Үшінші типке, құрамдас компоненттері жалпы сөз қорының бөлігі болса да, алайда осы сөздердің тіркесі нәтижесінде терминге айналатын тіркестік терминдер.

Жалпы алғанда, халықаралық экономикалық терминдердің мәселесін талдау, зерттеу, оларды дұрыс аудару, дұрыс мағынасын таңдап, жеткізіп жазу қазақ лексика құрамының, терминологиясының дамуына үлкен үлесін қосатынына сенімдіміз. Әсіресе, ағылшын орыс қазақ тілдерін, ғалымдардың терминдерге жасалған зерттеулерін салыстыра отырып, термин табиғатын, мән мағынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ш. Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы». - Алматы, 2014. – 902б.
2. Тіл комитеті, Экономикалық орысша қазақша сөздік. – Алматы, 2008.
3. Қ.Айдарбек «Терминологиялық жүйе категориясы және оған қойылатын негізгі талаптар»// Терминологиялық хабаршы, 2016 – 2(52) – 55б.
4. Е.И. Оконешников Лингвистические аспекты терминологии. – Якутск, 2004.
5. Р.Ф. Пронина Перевод Научно-технической литературы. – Москва, 1986.